

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы -
Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University, № 1 (126)/2019, pp. 177-183
http://bulpolit.enu.kz/; E-mail: vest_polit@enu.kz

XFTAP 16.21.47

М.М. Қосыбаев¹, А.М. Қосыбаева²

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: ¹miras.kosybaev@gmail.com, ²kosybaeva.altynay@mail.ru)

«Диуани лұғат-ит-түрік» жазба ескерткішіндегі тұрмыстық атаулар

Аннотация. Тіл білімінде лексикология зерттеулері маңызды. Әсіресе, тұрмыстық атауларды зерттеу, халықтың тұрмысын, болмыс-дүниетанымын, салт-дәстүр, әдет-ғұрпын, рухани мәдениетін жан-жақты тануға мүмкіндік береді. XI ғасырда сол кездегі түркі тілдері және түркі тайпалары диалектілері материалдары негізінде жинастырылып жазылған Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» атты жазба ескерткішінде тұрмыстық атаулар жан-жақты көрініс тапқан. Сол дәуірдің өзінде тұрмыстық атаулардың түркі халықтарының ішінде қай тайпаларда қолданылатыны да айтылған.

Бұл мақалада «Диуани лұғат-ит-түрік» жазба ескерткішіндегі күнделікті өмірде, үй тіршілігінде қолданылатын құрал-жабдық атаулары теріліп берілді. Жиналған материалдар қазіргі қазақ тіліндегі құрал-жабдық атауларымен салыстырылып көрсетілді. Жазба ескерткіштегі зат атауларының көбі қазіргі қазақ тіліндегі сол қалпында сақталғаны немесе фонетикалық өзгеріске ұшыраған түрінде кездесетіні байқалды. Жиналған материалдардың көбі қазақ тілінде актив қолданыстан шыққан көнерген сөздер екендігі көрсетілді. Кейбір сөздердің говорларда сақталғаны баяндалды.

Түйін сөздер: Махмұт Қашқари, Диуани лұғат-ит-түрік, лексика, тұрмыстық атаулар, көнерген сөздер, говорлар.

<https://doi.org/10.32523/2616-6887/2019-126-1-177-183>

Қазіргі таңда тамыры терең түркі өркениетін жаңғырту жолында, түбі бір түркі халықтарының өткен тарихы, тілі, әдебиеті, мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі, мифологиялық діни наным сенімдері мен материалдық құндылықтарынан хабар беретін жазба ескерткіштерді қай қырынан болмасын зерттеп, зерделеу маңыздылығын жоғалтпайды. Махмұт Қашқари – түркі халықтарының тілі мен халық әдебиетіне, тарихы мен тағдырына, жағрафиясы мен мифологиясына, әдет-ғұрпы мен тұрмыс-салттарына жіті ден қойып, қоғам дамуын, кезең көріністерін, әлеуметтік-мәдени ортасын, саяси құрылымдарын кеңінен зерделеген энциклопедиялық еңбек қалдырып, түркітану ғылымының негізін қалаған жалпытүркілік тарихи тұлға екені белгілі. Қашқаридың түркі көркемдік құпиясы мен тіл мүмкіндіктерін кең көлемде көрсетіп, кеше-бүгін байланысы мен сабақтастық сырларын ашатын «Диуани лұғат-ит-түрік» тағылымды туындысында кездесетін тұрмыстық атаулардың қазіргі қазақ тіліндегі қолданылу аясын анықтау өте маңызды болып табылады.

Үй тұрмысында қолданылатын құрал-жабдық атаулары:

Аяқ «ыдыс, ыдыс-аяқ; рөмке, бокал» (МҚ.53/38) [1, 566].

«Ыдыс» мағынасындағы аяқ сөзі қазақ тілінде актив қолданыста емес, тек ыдыс-аяқ қос сөзінде сақталған.

Төмендегі мақал-мәтелдерде аяқ сөзі «ыдыс» мағынасында көрінген:

1. Анасын көріп қызын ал, аяғын көріп асын іш [3, 252].
2. Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан [3, 196].
3. Жаман қонақтан жарты аяқ ас қалады [6, 142].

Тұрақты тіркестерінде де осы мағынасында жұмсалған:

1. Асын ішіп, аяғын тепті «Жақсылыққа жамандық жасады» [7, 69].
2. Ас ішіп, аяқ босатар «Шаруаға еш қыры жоқ кісі» [7, 69].

Бычгу/бычгач «кесіп қиятын құрал» [1, 584]. Қазақ тіліндегі пышақ сөзімен төркіндес.

Қазақ говорларында «кескіш құрал» мағынасындағы кескі және кескір [5, 348] сөздері семантикалық байланысы бар формалар болып есептеледі. Жоғарыда келтірген бычгу, бычгач және пышақ сөздерінің түбірі «кесу, пішу» мағынасындағы көне түркі тіліндегі быч-/бич- (қазақ тіліндегі формасы піш-) етістігі.

Бичек «пышақ». Жазба ескерткіште мақал құрамында қолданылған:

Нече йитик бичек ерсе өз сапын йонумас «Қаншалықты өткір пышақ болса да, өз сабын жонбас» (МҚ.193/166) [1, 166].

Қазақ тілінде де сол мақал қолданылуда:

Пышақ қанша өткір болса да, өз сабын жона алмайды [6, 64].

Билегу «қайрақ» (МҚ.225/194) [1, 587]. Қазақ тілінде білеу формасында қолданылып, кейбір тұрақты тіркес және мақал-мәтел құрамында сақталған.

Тұрақты тіркес құрамында:

Білеудей болып істі «бадырайып, күптей болып кетті, ісіп кетті» [7, 170].

Мақал-мәтел құрамында:

Егеуге бергісіз білеу бар, екеуге бергісіз біреу бар [4, 150].

Чакмак «от шығару үшін пайдаланылатын құрал, шақпақ тас» (МҚ.236/205)[1, 612].

Қазақ тілінде «от шығару үшін пайдаланатын тас, оттық» мағынасындағы шақпақ [6, 895] сөзі осымен байланысты.

Мақал-мәтел құрамында:

Шақпақ, шақпаққа от берген ақымақ [7, 326].

Чөмче «(оғыздарда) шөміш, ожау» (МҚ.210/180) [1, 628].

Жазба ескерткіште оғыздар тарапынан «ожау» мағынасында қолданылатыны ескерілген чөмче сөзі қазақ тілінде шөміш сөзіне сәйкес келеді.

Шөміш сөзі мақал-мәтелдер құрамында:

1. Ханның қызы шөміш ұстаса, қолын күс басады [6, 74].

2. Қатын көп болса, шөмішті ит жейді [6, 79].

3. Қасықтап жинағанды шөміштеп төкпе [6, 178].

Идиш Яғма, Тохсы, Йемек және Оғыздар тілінде «рөмке, стақан, бокал» мағыналарында қолданылған. Аргу тайпаларында «ыдыс, ыдыс-аяқ» мағынасында жұмсалған (42/29) [1, 29].

Қазақ тілінде ыдыс формасында актив қолданылады.

Қап «қап, дорба»: Жазба ескерткіште төмендегі мақалда жұмсалған:

Йалнук үрүлмиш қап ол ағзы йазлып алқынур «Адам баласы үрілген қап сияқты, аузы ашылғанда ауасы да бітеді» (МҚ.107/97) [1, 97].

Қашук «қасық»: Қуруғ қашук ағызқа йарамас, қуруғ сөз қулаққа йақышмас «Құрғақ қасық ауызға жарамайды, құрғақ сөз құлаққа жақпайды» (МҚ.192/165) [1, 165].

Қазақ тілінде бұл мақал Құрғақ қасық ауыз жыртар [3, 262] болып қолданылады.

Құрғақ қасық ауыз жыртар, құрғақ сөз бас ауыртар [3, 222] нұсқасы да бар.

Керегү/керекү «шатыр»: Кетен көрді керекү йүдті «Қиындық көрді шатыры (тауы) шағылды» (МҚ.203/174) [1, 174]; Күг көрді керегү йүдті «Күйініш көрді, керегесі сөгілді» (МҚ.225/194) [1, 194].

Қазақ тіліндегі кереге сөзі осымен байланысты.

Тұрақты тіркестерде:

Атамыз алаш, керегеміз ағаш [7, 42].

Керегесімен (қабырғасымен) кеңесті

Мақал-мәтелдерде:

1. Айыр пішен қасында,

Кісен кереге басында [6, 246].

2. Қиындықты көп көрген, керегесін арқалар [2, 206].

3. Кедейді тер қысса, керегесін арқалап тауға шығады [6, 339].

Көпчүк «ат ері жастығы» (МҚ.240/209) [1, 739].

Қазақстанның батыс говорында «бір кісілік жастық» мағынасындағы көпшік [5, 366] сөзі осымен байланысты.

Қазақ тілінде көпшік қойды «көтермелеп мақтады» [7, 365] тұрақты тіркесі де бар.

Арба кімдікі болса күпшек сонікі [6, 117] мақалында күпшек нұсқасы қолданылған.

Кіріт «кілт» (МҚ.180/153)[1, 722]. Қазақ тіліндегі кілт сөзі бұның фонетикалық нұсқасы.

Қоуа «Оғыздар тілінде шелек» (МҚ.85/76) [1, 732].

Қазақ тілі диалектілерінде «шелек, құдық шелегі» мағынасындағы қауға сөзі, Жазба ескерткіштегі қоуа сөзіне қатысты.

Қауға сөзі мақал-мәтелдерде:

1. Құдығына қарай қауғасы,

Базарына қарай саудасы [3, 262].

2. Мәжіліске қарай қауғамыз,

Құдығына қарай қауғамыз [3, 289].

3. Ұлы жүзді қауға беріп, малға қой.

Орта жүзді қамшы беріп, дауға қой.

Кіші жүзді найза беріп жауға қой [6, 30].

Көшик «перде, жапқыш» (МҚ.206/176) [1, 176].

Қазақ тіліндегі тұрақты тіркес құрамында сақталған көсеге «шымылдық, төсек пердесі» сөзі осы сөзбен түбірлес.

1. Көсегесі көгерді «Өркендеп өсті, бағы ашылды» [7, 369].

2. Көсегең көгерсін! (алғыс) «Өркенің өссін!» [7, 369].

3. Көсегең көгермегір (қарғыс) [7, 369].

Көзегу «көсеу»: Көзегу узун болса елиг күймес «Көсеу ұзын болса қол күймес. Жұмсар бала-шағаң көп болса, қолың ұзарады мағынасындағы мәтел» (МҚ.225/194) [1, 194].

Көне түрк тілінде көзегу формасындағы сөз қазіргі қазақ тілінде көсеу вариантында жұмсалуда.

Қашқари жазба ескерткішінде Көзегу узун болса елиг күймес түрінде қолданылған мақал қазақ тілінде Көсеу ұзын болса қол күймес [3, 118] түрінде бар. Сонымен қатар басқа да варианттары кездеседі:

1. Көсеуің ұзын болса, қолың күймейді,

Ағайының көп болса, адам тимейді [3, 260].

2. Көсеу ұзын болса қол күймес,

Ағайын көп болса жағаға қол тимес [3, 118].

3. Көсеуің ұзын болса, қол күймес,

Ағайының көп болса, ешкім тимес [6, 63].

Көзну «айна» (МҚ.464/368) [1, 744].

Қазақ тіліндегі көнерген сөздер қатарына жататын күзгі «айна» сөзімен байланысты.

Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінің дерегі бойынша күзгі сөзі Күзгіні көр де көзім көр тұрақты тіркесінде сақталған [9, 108].

Құмған «құман» (МҚ.217/187) [1, 746].

Қазақ әдеби тілінде құман [10, 540] түрінде қолданылған сөз, диалектілерде құмған көне формасында сақталған.

От басында құмған,

Екі көзін жұмған (Мысық) жұмбағында да көне формасында жұмсалған.

Күп “үлкен қыш құмыра” [1, 756].

Қазақ тілінде күп сөзі актив қолданылмайды, мағынасы күңгірт көнерген сөздердің қатарында.

Күп сөзі тек тұрақты тіркес құрамында сақталған:

Күп (күптей) боп ісіп кетті «Торсиып ісініп кетті» [3, 380].

Тапчан «Жүзім шоқтарына жетуге арналған үш аяқты үстел» (МҚ.219/188) [1, 854]. Өзбек үйлерінде (сонымен қатар Оңтүстік Қазақстандағы қазақтардың үйінде) «үй бақшасындағы үстел; демалатын, шай ішетін орын» мағынасындағы тапчан сөзі осымен байланысты.

Тарғақ «тарақ» (МҚ.11/6) [1, 856].

Тутма «сандық» (МҚ.217/187) [1, 904]. «Сақтау, қорғау, ұстау» мағынасындағы тұт-етістігіне «ма» етістіктен есім тудырушы жұрнақ қосылу арқылы жасалған сөз.

Түнлүк «түндік»: Күч елдин кирсе төкү түнлүктен чықар (Мақал) «Озбырлық (қиындық?) есіктен кірсе, әділдік түндіктен шығады» (МҚ.273/238) [1, 238].

Қазақ тіліндегі «киіз үйдің шаңырағын жауып тұратын, жаңбыр өткізбейтін, күн түсірмейтін төрт бұрышты шағын киіз» мағынасындағы түндік [10, 833] сөзіне қатысты.

Түндік сөзімен құрылған мақал-мәтелдер:

1. Әйел де ай сәулесі сияқты,

Есікті жапсаң, түндіктен түседі [2, 59].

2. Күш есіктен кірсе, әділдік түндіктен қашады [3, 185].

3. Күш есіктен кірсе, әділдік түндіктен шығады [6, 141].

Үтүг «үтік» (МҚ.46/32) [1, 238].

Қазақ тіліндегі үтік сөзі осымен байланысты. Орыс тіліндегі уютюг сөзі де, негізінен, түркі тілдерінен енген.

Бычгуч «қайшы» (МҚ.227/197) [1, 584].

Темен/темен йигне «тебен, біз» (МҚ.459/363) [1, 867].

Түгме «түйме» (МҚ.218/187) [1, 908].

Үйшаруашылығында қолданылатын құрал-жабдық атаулары:

Андығ «елеуіштің ағаштан жасалған шеңбер дөңгелегі» (МҚ.72/58) [1, 550].

Балду «балта»: Кәрі өкүз балдука қорқмаз «Кәрі өгіз балтадан қорықпаз» (МҚ.627/522) [1, 522].

Сол мақал қазақ тілінде де бар: Өлермен өгіз балтадан қорықпайды [3, 404].

Қазақ арасында балта қарудың атасы болып саналған, төмендегі қазақ мақалы мұның дәлелі:

Қару алсаң балта ал, азық алсаң малта ал [2, 284].

Балтаны қастерлеп, жер асты етпеу, аттамау керек мәселесі төмендегі мақалда айтылған:

Бақан аттаған жарымас, балта аттаған байымас [4, 284].

Күргек «күрек» (МҚ.411/321) [1, 757]. Көне түркі тілінде күргек формасындағы сөз қазақ тілінде «г» дауыссыз дыбысының түсіп қалуынан күрек формасы ортаға шыққан.

Екі қолға бір күрек табылар [4, 244] мәтеліндегі күрек сөзі ауыспалы мағынаға ие болды.

Қысғач «тістеуік, қысқыш, кемпірауыз» (МҚ.229/198) [1, 715]. Қазақ диалектілерінде «шоқ қысқыш; тістеуік; ұста дүкеніндегі темірді қысып тұратын құрал» мағынасындағы қысқаш [5, 489] сөзі осымен байланысты.

Тоқымақ «тоқпақ, бір нәрсені қағуға не ұруға арналған қолағаш» (МҚ.522/422) [1, 888].

Қазақ тіліндегі «бір нәрсені жерге ұрып қағатын жуантық келген кеспелтек қолағаш» [10, 807] мағынасындағы тоқпақ («Ұр тоқпақ» ертегісі) сөзі ескеркіштегі тоқымақ сөзінің фонетикалық варианты.

Тоқпақ сөзі келесідей мақал-мәтелдер құрамында қолданылған:

Хан – қазық, би – тоқпақ [6, 34].

Арбаға тоқпақ көргенді жекпе, соқпа көргенді жек [6, 395].

Тұрақты тіркес құрамында:

Тоқпақ жеді «Таяқ жеді, соққы көрді» [10, 807].

Сүпүргү «сыпырғыш» (МҚ.245/214) [1, 840].

Мал шаруашылығында қолданылатын құрал-жабдық атаулары:

Бағырчак “есек ері, ершігі” (МҚ.251/220) [1, 220].

Қазақ тілі диалектілерінде «төс айыл, ершік айыл» мағынасындағы бауырдақ[5, 152] сөзі осымен байланысты.

Бойундурук«мойынтұрық, арба, шана, соқа тартатын өгіздердің мойнына салатын арнаулы ағаш құрал» (МҚ.523/424) [1, 424].

Қазақ тілінде сол мағынадағы мойынтұрық сөзі бұның фонетикалық варианты.

Бурундурук «мұрындық, тізгін»(МҚ.250/220) [1, 603].

Қазақ тілінде бұл сөз қолданылады: мұрындық «түйенің я өгіздің екі танауының арасындағы шеміршегін тесіп өткізетін істік ағаш» [10, 603].

Қадыш «қайыс, ер әбзелдерін жасау үшін арнайы өңделген мал терісі» (МҚ.185/159) [1, 675]. Қазақ тіліндегі қайыс сөзімен парапар.

Қамчы «қамшы» (210/181)[1, 680].

Қамшы сөзі төмендегі мақал-мәтел құрамында қолданылған:

Жерді тамшы, ерді қамшы [3, 123].

Ұлы жүзді қауға беріп, малға қой.

Орта жүзді қамшы беріп, дауға қой.

Кіші жүзді найза беріп, жауға қой [3, 30].

Көмүлдүрүк «ат ері алжапқышы, жылқының алжапқышы» (МҚ.13/7)[1, 737].

Қазақ тіліндегі «былғары не қайыстан жасалған, аттың ерінің артқа кетпеуі үшін тағылатын әбзел» мағынасындағы өмілдірік [10, 653] сөзімен сәйкес келеді.

Мончук «1. жылқының мойнына тағылатын моншақ; 2. әшекей моншақ» (МҚ.239/207) [1, 765]. Қазақ тіліндегі моншақ сөзіне қатысты.

Тізгін «тізгін, аттың басын тежеу үшін жүгеннің ауыздық шығыршығына байланған шыжым қайыс» (МҚ.214/184) [1, 885].

Қазақ тілінде тізгін сөзі тізгінін өз қолына алды; тізгіндеп ұстады; тізгінге жабысты, тізгін ұстар [5, 842] сияқты тұрақты тіркестерінде көрінгендей «ерік, бостандық; билік, басшылық» сияқты ауыспалы мағыналарда да қолданылуда.

Шаруашылықта қолданылатын құрал-жабдық атаулары:

Адры «бидай тазалау үшін қолданылатын шанышқы сияқты құрал» (МҚ. 75/63) [1, 541].

Қазақ тіліндегі «аша, ақа» мағынасындағы айыр сөзінің көне формасы.

Амач «соқа» (МҚ.38/25) [1, 549].

Көрүк «темір ұстасының үрлеуіш құралы» (МҚ.197/168) [1, 741]. Бұндағы «көрік» сөзі қазақ тіліндегі түсіндірмелі сөздікте «ұста дүкеніндегі көмірді үрлеп темірді қыздыру үшін теріден жасалған үрлеуіш» деп берілген [5, 418]. Көрік сөзі Көрігің желді болса, көлігің жемді болармақалында да сақталған.

Орғақ «орақ, ор- етістігінен шыққан сөз» (МҚ.463/367) [1, 367].

Қазақ тіліндегі орақ сөзімен байланысты. Төмендегі мақал-мәтел құрамында орақ сөзі қолданылған:

Орақшы орақ таңдамайды, батыр жарақ таңдамайды [3, 334].

Орақшының жаманы орақ таңдайды [3, 334].

Орайы келсе орақ ор, кезі келсе кетпен шап [3, 335].

Ал от ауызды орақ тілді [3, 223] тұрақты тіркесіндегі орақ «өткір» сөзі ауыспалы мағынада жұмсалған.

Тұрмыстық атауларды зерттеу, халықтың тұрмысын, болмыс-дүниетанымын, салт-дәстүр, әдет-ғұрпын, рухани мәдениетін жан-жақты тануға мүмкіндік береді. ХІ ғасырда жазылған Диуани лұғат-ит-түрік атты түркі тілдерінің әмбебап сөздігінде тұрмыстық атаулар сол кездегі түбі бір түркі халықтарының өмір болмысы, салт-дәстүр, мәдени-рухани құндылықтар жүйесінен сыр шертетін бірден-бір тілдік бірліктер болып табылады. Сол заманда қолданылған құрал-жабдық атаулары осы күнге дейін қазақ қоғамы арасында кең қолданылуда. Тұрмыстық атаулардың функционалдық қызметі, этнолингвистикалық сипаты көне дәуірдегі қызметі және сипатымен дәлме дәл келуде. Диуани лұғат-ит-түрік

пен қазіргі қазақ тілі арасында он ғасыр аралық бар болса да, фонетикалық өзгешеліктерді айтпағанда, ортақ тұрмыстық атаулардың қызметі мен мағынасында айырмашылық жоқ екені байқалды.

Диуани лұғат-ит-түрік жазба ескерткішінен таңдап алынған лексемалар қазіргі қазақ тіліндегі құрал-жабдық атауларымен салыстырылып көрсетіліп, кейбір атаулардың қазақ тілінде актив қолданыстан шыққан ескіліктер екендігіне көз жеткіздік. Ескіліктер көбі мақал-мәтел, тұрақты тіркестер құрамында сақталатындықтан, ескі тұрмыстық атауларға қатысты тілдік бірліктердің қазіргі қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестердегі қолданылу аясы көрсетілді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ercilasun A., Akkoyunlu Z. Kaşgarlı Mahmud, Divanu Lugati't-Türk. – Ankara: TDK Yayınları, 2015. - 995 p.
- 2 Бабалар сөзі: Жүз томдық. Қазақ мақал-мәтелдері. – Астана: Фолиант, 2010. – Т.66. – 351 б.
- 3 Бабалар сөзі: Жүз томдық. Қазақ мақал-мәтелдері. – Астана: Фолиант, 2010. – Т.65. – 414 б.
- 4 Бабалар сөзі: Жүз томдық. Қазақ мақал-мәтелдері. – Астана: Фолиант, 2011. – Т.67. – 462 б.
- 5 Диалектологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007. – 800 б.
- 6 Кейкін Ж. Қазақтың 7777 мақалы мен мәтелі. – Алматы: Өлке Баспасы, 2002. – 448 б.
- 7 Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007. – 797 б.
- 8 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы: Тіл білімі институты, 2011. – 752 б.
- 9 Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1974. – 271 б.
- 10 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

М.М. Косыбаев, А.М. Косыбаева

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Астана, Қазақстан

Бытовые наименования в памятнике «Дивани лугат-ит-тюрк»

Аннотация. В языкознании важны лексикологические исследования, в частности, изучение бытовых наименований позволяет всесторонне изучать быт, бытие, мировоззрение, традиции и обычаи, духовную культуру народа.

В памятнике Махмуда Кашгари «Дивани лугат-ит-тюрк», написанном на основе материалов, связанных с диалектами тюркских языков и тюркских племен XI века, широко представлены бытовые наименования. Описано использование этих наименований в различных тюркских племенах того времени.

В настоящей статье рассматривается бытовая лексика из памятника «Дивани лугат-ит-тюрк», связанная с повседневной жизнью. Собранные материалы были сопоставлены с бытовыми наименованиями современного казахского языка. Было замечено, что многие из бытовых наименований памятника сохранились в современном казахском языке в том же виде или же с некоторыми фонетическими изменениями. Исследование показало, что наибольшее количество собранных материалов являются архаизмами, которые были активно использованы в казахском языке. Также отмечено, что некоторые слова сохраниены в говорах.

Ключевые слова: Махмуд Кашгари, Дивани лугат-ит-тюрк, лексика, бытовые наименования, архаизмы, говоры.

M.M. Kosybayev, A.M. Kosybayeva

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Household names on the monument of “Diwani lugat-it-Turk”

Abstract. Lexicological research is important in linguistics. In particular, the study of household names allows a comprehensive study of life, being, worldview, traditions, customs, spiritual culture of the people.

In the XI century on the monument of Mahmut Kashkari “Diwani lugat-it-Turk”, collected on the basis of materials of dialects of Turkic languages and Turkic tribes of that time, household names are widely presented. At the same time, it was said in which tribes the household name is used among the Turkic peoples.

In this article on the monument “Diwani lugat-it-Turk” were collected the names of the equipment used in everyday life. The collected materials were compared with the names of equipment in the modern Kazakh language. Many of the names of the monument were recorded in the form that in the modern Kazakh language have been preserved or subjected to phonetic changes. The greatest number of collected materials was shown that last year the asset was used in the Kazakh language. It was told that some words were kept in the dialects.

Keywords: Mahmut Kashgari, Diwani lugat-it turk, vocabulary, household names, old traditions, dialects.

References

1. Ercilasun A., Akkoyunlu Z. Kashgarlı Mahmud, Divanu Lugati’t-Turk. [Compendium of the Turkic dialects]. (Ankara: TDK Yayınları, 2015).
2. Babalarsozi: Juztomdyq. [Kazakh proverbs and sayings]. (Foliant, Astana 2010. 66 volume).
3. Babalarsozi: Juztomdyq. [Kazakh proverbs and sayings]. (Foliant, Astana 2010. 65 volume).
4. Babalarsozi: Juztomdyq. [Kazakh proverbs and sayings]. (Foliant, Astana 2010. 67 volume).
5. Dialectologyalyk sozdik. [Dialectological dictionary]. (Arys, Almaty 2007).
6. Keikin, Zh., Qazaqtyn 77777 maqaly men mateli [77777 Kazakh proverbs and sayings]. (Olke press, Almaty 2002).
7. Kenesbaev I. Frazheologyalyk sozdik [Phraseological dictionary]. (Arys, Almaty 2007).
8. Qazaq adebi tilinin sozdigi. [Dictionary of the Kazakh literary language]. (Institute of linguistics, Almaty 2011).
9. Qazaq tilining qyskasha etimologialyk sozdigi. [Short Etymological dictionary of the Kazakh language]. (Mektep, Almaty 1974).
10. Qazaq tilining tusindirme sozdigi. [Explanatory dictionary of the Kazakh language]. (Dyke-Press, Almaty 2008).

Сведения об авторах:

Қосыбаев М.М. – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Түркітану кафедрасының доцент м.а., PhD доктор. Астана, Қазақстан.

Қосыбаева А.М. – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Түркітану кафедрасының 2 магистранты, Астана, Қазақстан.

Косыбаев М.М. – PhD in Turkic Studies, Associate Professor of the Faculty of International Relations, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Косыбаев А.М. – Second year master’s degree student of the Faculty of International Relations, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.